


АЗАМАТЫН ЕСКЕ АЛҒАН ТУРНИР

Жуырда аудан орталығындағы балалар мен жасөспірімдердің спорт сарайында спорт шебері Аманбаев Айдын Социалұлын еске алуға арналған қазақ күресінен 1992-1993 жылдары туған жасөспірімдер арасында ашық біріншілік өтті. Біріншілікке аудан округтері мен көршілес аудандардан барлығы оннан астам командалар келіп күш сынасты.

Біріншіліктің салтанатты ашылуында аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің меңгерушісі А.Қызылов, Айдынның әкесі Социал ақсақал, бас төреші ҚР-на еңбек сіңірген жаттықтырушы, спорт қайраткері, халықаралық дәрежедегі экстра класты төреші С.Жанасылов, Айдынның атасы Н. Әміров, алғашқы жаттықтырушысы Қ.Мусин, жақын досы Н.Қасымбековтер Айдынды еске алып, спорттық жолына тоқталып, жас палуандарға жеңіс тіледі.

Жарыстың жоғары деңгейде өтуіне марқұмның туған-туыстары, достары атсалысып, демеушілік көрсетті. Жарыс қорытындысында Ақсу-Аюлыдан Қ.Алпысбаев, Қ.Амангелдинов, А.Жүнісов, ақадырлық Ғ.Жаманқара, М.Жанғабылов, қарағандылық Н.Салықов. Құрма түсіруге арналған біріншіліктің шы-

ауылынан О.Живов, ақтоғайлық Қ.Мәдениет өз салмақтарында бірінші орынды иеленді. Жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне марқұмның ағайын-туыстары, жолдастары қатысты. Бұл да азаматты еске



райын аша түсті.

"Ең үздік шеберлігі үшін" тағайындалған сыйлық түрлі-түсті теледидарға ақтоғайлық Б.Сейітқазым ие болды. Сондай-ақ, ең жас палуан, жеңіске деген жігерлік үшін және ең қысқа уақытта жеңіске жеткен палуанға, үздік төрешіге, кілемдегі үздік төрешіге сыйлықтар тағайындалды.

Еске алудың сәнін келтіріп ауыл өнерпаздары белдесулер арасындағы үзілістерде концерттік бағдарлама ұсынды. Белдесуден соң жас палуандарға, қонақтарға арнап ас берілді.

Азаматын ардақтап еске түсіріп жатқан ауылдастарына, дос-жарандарына шексіз ризалығын білдірген қонақтар да елдің елдігін танып, рахметін айтып аттанысты.

**Е.АҚЫЖАНОВ,
Ақсу-Аюлы мекені.**